

Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты туындаған әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық және өзге де проблемаларды жедел шешу үшін үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 желтоқсандағы № 1546 Қаулысы

Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты туындаған мәселелерді жедел шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы жаппай тәртіпсіздіктерге байланысты туындаған әлеуметтік-экономикалық, гуманитарлық және өзге де проблемаларды жедел шешу үшін үкіметтік комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрылсын.

2. Комиссия дереу жұмысқа кіріссін, келтірілген зиянның көлемін белгілесін, Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы жағдайды тұрақтандыру жөнінде өзге де жедел шараларды қабылдасын.

3. Комиссия төрағасы Ө.Е. Шөкеев комиссия қызметінің нәтижелері туралы баяндасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы 18

желтоқсандағы

№ 1546 қаулысына

қосымша

Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласындағы жаппай тәртіпсіздіктердің зардаптарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия

Шөкеев - Қазақстан Республикасы
Өмірзақ Естайұлы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары,
төраға

Божко - Қазақстан Республикасының Төтенше
Владимир Карпович жағдайлар министрі, төрағаның орынбасары

Көшербаев - Маңғыстау облысының әкімі

Қырымбек Елеуұлы

Қасымов - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы министрі

Жұмағалиев - Қазақстан Республикасының Байланыс және
Асқар Қуанышұлы ақпарат министрі

Жаңбыршин - Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік
Қозы-Көрпеш Есімұлы Кеңесі хатшысының орынбасары -
Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік
Кеңесі хатшылығының меңгерушісі

Әбдірәсілов - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
Болатбек Серікбайұлы министрлігінің жауапты хатшысы

Мусинов - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Серікбол Рахымқанұлы министрлігінің жауапты хатшысы

Нокин - Қазақстан Республикасы Құрылыс және
Серік Кеңесұлы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы істері
агенттігінің төрағасы

Шолпанқұлов - Қазақстан Республикасының Қаржы
Берік Шолпанқұлұлы вице-министрі

Дүйсебаев - Қазақстан Республикасының Көлік және
Асылбек Жексенбайұлы коммуникация вице-министрі

Құсайынов - Қазақстан Республикасының
Марат Әпсәметұлы Экономикалық даму және сауда
вице-министрі

Нұрымбетов - Қазақстан Республикасының Еңбек және
Біржан Бидайбекұлы халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі

Толыбаев - Қазақстан Республикасының Ауыл
Марат Еркінұлы шаруашылығы вице-министрі

Қиынов - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ
Ләззат Кетебайұлы вице-министрі

Нұрпейісов - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы
Сапарбек Айтуұлы Тергеу мен анықтау заңдылығын қадағалау
департаменті бастығының орынбасары
(келісім бойынша)

Ақшөлақов - «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
Болат Оралұлы басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Бейсенғалиев - «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ
Берік Тұрсынбекұлы басқарма төрағасы (келісім бойынша)

